



# ПРИОЗЕРСКИЙ Вестник

№ 19/767

2022 жылғы 13 мамыр, жұма

18+

Газет 2004 жылдың 26 маусымынан бастап шығады

Ұлы Отан Соғысындағы Жеңіске 77 жыл

77 лет Победы в Великой Отечественной войне

## ЕРЛІККЕ – ТАҒЗЫМ!

Қазіргі ұрпақ соғыс пен жорықта қиянқес ерлік көрсетіп, жауынгерлік рух танытқан ата-бабасына алғыс айтуы тиіс. Осынау кең байтақ жерді дұшпанның көзінен, жаудың бөзінен бекер сақтап қалған жоқ, келешек ұл-қыздары үшін аманаттап қалдырды. Олардың ерлігін айтып, ата-бабасының батырлық болмысын есте ұстап, онымен мақтану – кез келген ұрпақтың парызы.



Бабаның ерлігі ұрпаққа рух береді. Сонау Керей мен Жәнібектен бастап Қабанбай мен Бөгенбайдың, Шақшақ Жәнібек пен Ер Жәнібектің, соңғы хан Кеңесары мен соңғы батыр Оспанның ерлігін жалғастырып жандар қазақ жерінде аз болмаған. Бұған Ұлы Отан соғысы кезінде ерлік көрсеткен қазақстандықтар дәлел бола алады. Бір батальонды шашауын шығармай жау тылынан үш рет аман алып шыққан әскери қолбасшы, даңқты жауынгер Бауыржан Момышұлы, «Отан үшін!» - деп ұрандап, жаудың дзотын мүбәрак кеудесімен жапқан Сұлтан Баймағамбетов, жүздеген фашистің көзін құртқан даңқты автоматшы Төлеген Тоқтаров, жеті сағат бойы ерлікпен ел қорғаған Мәлік Ғабдуллин, шығыстың қос шынары атқыш Әлия мен пулеметші Мәншүк, ұшқыштар Талғат Бегилдинов пен Нүркен Әбдіров сынды батырлардың ерлігі ұмытылмақ емес. Бабалар ерлігіне тағзым ету – болашақ ұрпаққа үлгі-өнеге қалдыру және оларды ұлттық рухта тәрбиелеудің алғышарты

9 мамыр – Ұлы Жеңіс күніне орай, Қарағанды облысының Приозерск қаласының әкімі Сатаев Сапар Қайыркенұлы бастаған топ қаладағы орналасқан «Ұлы Отан соғысында (1941-1945 ж.ж.)



қаза тапқан жауынгерлерге арналған ескерткішке гүл шоқтарын қойып, батыр жауынгерлердің ерліктеріне тағзым етті. Мерекелік іс-шараға Приозерск қаласының 90 жастағы тұрғыны, тыл еңбегінің ардагері Степанчук Людмила Илларионовна қатысты.

Топ құрамында Приозерск гарнизонының бастығы подполковник Жасұлан

болып табылады.

Жеңіс күні қала тұрғындары мен қонақтары Ұлы Отан соғысында қаза тапқандарды еске алу үшін Жеңіс тұғырталына келді. Ұлы Жеңістің 77 жылдығына арналған мемориалға гүл шоқтарын қою рәсіміне қала әкімі, ардагерлер ұйымдары, қоғамдық бірлестіктер өкілдері, тыл және ауған соғысы ардагерлері, әскери бөлімдер сардарлары мен сарбаздары, «Аманат» және «Ақ жол» партиясы жетекшісі мен мүшелері, мәслихат хатшысы және депутаттары, әкімдікке қарасты мекеме басшылары, жастар өкілдері жинады. Еске алу жиынына соғысқа қатысқан немесе қаза болған жандардың жарлары, туғандары, оларды танитын кісілер де қатысты. Соғыста қаза тапқандар құрметіне арналған гүлдестерді бірінші болып қала әкімі Сапар Сатаев бастаған топ қойды. Ескерткіш маңы гүлдермен көмкерілді. Салтанатты шеруде қала әкімі май-



## БАТЫР ЖАУЫНГЕРЛЕРДІҢ ЕРЛІКТЕРІНЕ ТАҒЗЫМ ЕТУ

Садуұлы Абеков, Приозерск қалалық Маслихатының хатшысы Бекзат Мұхсинұлы Сәрсембеков, 60601 әскери бөлімінің командирі полковник Қырықбаев Данияр Нұрланұлы, 44841 әскери бөлімінің командирі подполковник Үмітәлі Серікұлы Бектаев болды. Сонымен қатар қаза тапқан батыр жауынгерлердің еңселі биік ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсіміне қатысуға Приозерск гарнизонының Қарулы Күштер ардагерлері ұжымының төрағасы Тілек Алшымбекұлы, ауған соғысының ардагерлері

және тәжік-ауған шекарасындағы қарулы қақтығысқа қатысқан жауынгерлері арнайы шақырылған болатын.

Қала әкімі С.Қ. Сатаев пен Приозерск гарнизонының бастығы подполковник Ж.С. Абеков батыр жауынгерлерді еске алуға жиналғандарды құттықтап, естелік суретке түсті. Естелік фотосуреттің ал-



тарын қою рәсіміне қатысуға Приозерск гарнизонының Қарулы Күштер ардагерлері ұжымының төрағасы Тілек Алшымбекұлы, ауған соғысының ардагерлері

## КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ ПОЗДРАВИЛ ЛИДЕРОВ РЯДА ГОСУДАРСТВ С ДНЕМ ПОБЕДЫ

Глава государства Касым-Жомарт Токаев направил поздравления лидерам ряда государств по случаю Дня Победы, сообщает Kazpravda.kz со ссылкой на пресс-службу Президента РК.

По случаю 77-й годовщины Победы в Великой Отечественной войне Глава государства Касым-Жомарт Токаев направил поздравительные телеграммы президентам и главам правительств Азербайджана, Армении, Беларуси, Кыргызской Республики, России, Таджикистана, Туркменистана, Узбекистана.

В поздравительных посланиях Президент Казахстана передал слова благо-



дарности ветеранам Великой Отечественной войны и тыла, пожелал им доброго здравия, долголетия и благополучия.

Источник: <https://kazpravda.kz>

данда басқыншы жаумен шайқасып, жеңіске жеткен және тылда еңбек етіп жеңісті жақындатуға үлес қосқандардың барлығына Кеңес Одағының бір ұрпағы үшін емес, бүгінгі хәм болашақ қазақстан-дық жастар үшін үлгі болған өшпес ерлігі, батырлығы мен жанқиярлығы үшін алғыс айтты. Қала тұрғындары қаза тапқан батырларды бір минут үнсіздікпен еске алды.

Жиыннан кейін Приозерск қаласындағы «Ақ жол» партиясының мүшесі, кәсіпкер Мұрат Нарымбетов те әруақтар рухына гүл шоқтарын қойды. М.Нарымбетов, қалалық кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Ахан Жүсіпов және қала әкімінің әлеуметтік және мүгедектер мәселесі бойынша кеңесшісі Нұрғали Қарабектегі тәжік-ауған шекарасында әскери борышын өтеген ардагер Бақытжан Әлібаевтің үйіне барып, мерекелік сыйлық және азық-түлік себетін табыс етті. Әлібаевтар отбасы күні кеше осы пәтерге көшіп келіп, қоныс тойын атап өтуге дайындық үстінде екен. Қос мерекелен күт-тықтай келгендерге ардагер отбасы алғыс сезімін білдірді. Ардагерлерге құрмет көрсету және сый-сияпат жасау акциясы басқа жерлерде де жалғасын тапты.

Н. АЛТЫНБАЙҰЛЫ,  
Суреттерде: жиыннан көріністер.



дыңғы қатарында 90 жастағы тыл еңбегінің ардагері Людмила Степанчук отырды.

Думан Құрманғалиев,  
Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы



Агитация начинается после назначения даты референдума и завершается в 00:00 часов 4 июня 2022 года. Агитация запрещается в предшествующий референдуму день и в день проведения референдума. Об этом сообщил заместитель председателя ЦИК РК Константин Петров, передает корреспондент

## КАК БУДЕТ ПРОХОДИТЬ РЕФЕРЕНДУМ В КАЗАХСТАНЕ

Kazpravda.kz.

«Составы территориальных и участковых комиссий референдума, сведения о месте нахождения и времени работы комиссий должны быть опубликованы в средствах массовой информации не позднее 15 мая 2022 года. Сообщения о границах участков референдума должны быть опубликованы в средствах массовой информации не позднее 15 мая 2022 года», – сообщил Петров.

По его словам, агитация начинается после назначения референдума и завер-

шается в 00:00 часов 4 июня 2022 года. Агитация запрещается в предшествующий референдуму день и в день проведения референдума.

«Списки граждан, имеющих право участвовать в республиканском референдуме, по каждому участку подписываются акимом, решением которого образован участок, и представляются по акту не позднее 15 мая 2022 года. О времени и месте голосования участковая комиссия референдума оповещает граждан не позднее 25 мая 2022 года. Проведение голосования участковыми комиссиями

Конституция 2022

референдума в день голосования проводится с 07:00 до 20:00 часов по местному времени», – заявил спикер.

Итоги голосования, отметил он, подводятся на заседании Центральной комиссии референдума, оформляются протоколом, подписываются Председателем, заместителем Председателя, секретарем и членами Центральной комиссии референдума и утверждаются постановлением.

Сообщение комиссии об итогах должно быть опубликовано в течение 7 дней после проведения голосования.

Источник: <https://kazpravda.kz>

### ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН

### КОНСТИТУЦИЯ 2022

### НОВЫЙ КАЗАХСТАН

Приозерск қаласының аумақтық сайлау комиссиясы сайлау учаскелерінің шекаралары және аумақтық сайлау комиссиясы мен учаскелік сайлау комиссияларының құрамы туралы ақпаратты жариялайды

Территориальная избирательная комиссия города Приозерск объявляет информацию о границах избирательных участках и о составах территориальной избирательной комиссии и участковых избирательных комиссий

#### ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

Орталығы – «Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімінің аппараты» ММ ғимараты, Пушкин көшесі, 7 үй, тел/факс: 53288.

Төраға - Медетбекова Алма Аманқызы

Төраға орынбасары - Махатов Жазылбек Косанбаевич

Хатшы - Жұмахан Шұғыла Талғатбекқызы

Комиссия мүшелері: Курбанбаева Болар Декхановна, Идирахманов Канатбек Каттабекович,

Купяшаров Жуломан Киримович, Убисов Талғат Турмаханович.

#### № 257 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

Орталығы – «Приозерск қаласының орталық ауруханасы» КМК ғимараты, Транспортная көшесі, 17., тел/факс: 53183, 70108.

Төраға- Рақыш Айдуман Қазбекұлы

Төраға орынбасары- Кайыргалиев Кайрат Нурланович

Хатшы- Лукманова Айгуль Назархановна

Комиссия мүшелері: Сулейменов Нурлан Марсович, Жумаханова Асем Мейрамбековна, Гузарова Ульфия Худайбергенова, Әуесбаев Мадияр Серікұлы.

#### № 258 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

Орталығы – «№ 2 жалпы білім беру орта мектебі» КММ ғимараты, Достық көшесі, 20 тел/факс: 52715, 53079.

Төраға- Абжанова Динар Рамазановна

Төраға орынбасары- Манаков Талант Даулетбекович

Хатшы - Жаналиева Динара Мусатаевна

Комиссия мүшелері: Дюсенбаев Абиля Зейнелкапдулович, Айнабекова Рано Сапарходжаевна Болжуров Улан Ақылбекович, Сайлау Абай Нұрланұлы, Букпантаева Каракат Игеновна, Дауленова Анар Жакыповна.

#### № 259 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

Орталығы – «№1 жалпы білім беру орта мектебі» КММ ғимараты, Кисунько көшесі, 11 а тел/факс: 53569, 54226.

Төраға- Стамкул Нуртай Абдрахимович

Төраға орынбасары- Ибраймова Куралай Исабековна

Хатшы- Балтышева Жанагул Таткеновна

Комиссия мүшелері: Каленов Сагатбек Умирзахович, Қалдыбаева Салтанат Галымжанқызы, Айдархан Балауса Талғатбекқызы, Сулейменов Марс Абуович.

#### № 260 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

Орталығы – «Приозерск қаласының «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КМҚК ғимараты, Космонавтов көшесі, 2 тел/факс: 53069, 52515.

Төраға- Рахимбаева Алтынай Турабековна

Төраға орынбасары- Орынбасаров Бердбек Орынбасарович

Хатшы- Манакова Гульмира Турсынбаевна

Комиссия мүшелері: Артығалиева Лариса Мирановна, Мухсин Ринат Бекзатович, Майбасов Бейбит Аликулович, Кушмуратова Асель Нурланқызы.

#### № 257 САЙЛАУ УЧАСКЕСІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ

Орталығы: «Приозерск қаласының орталық ауруханасы» КМК ғимараты, Транспортная көшесі, 17

Шекарасы: Бастау к. 1, 7, 11; Сарыарқа к. 1, 11, 21; Наурыз к. 1, 2, 2/2, 2а, 3, 4, 8, 9, 10, 12, 18; Көкжиек к. 1, 2, 4, 6, 9, 11, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 27; Алаш к. 4, 6, 12, 14, 18, 19а, 22, 23, 23/3, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 33, 34, 37, 39, 41, 43, 47, 49, 59; Тұмар к. 1, 5, 7, 9, 11, 12, 14; Қоржынтүбек к. 1, 1а, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 12, 13, 15, 16, 18, 22; Ынтымак к. 1, 2, 4, 5, 10, 15, 17, 18, 20, 22, 24, 26, 29а; Ақмамық к. 26, 8, 10, 11, 12, 13; Шұғыла к. 17; Көктеңіз к. 9, 12; Керуен к. 109; Бірлік к. 24, 26; Транспортная к. 1, 1/3, 3, 4, 6, 8, 11, 12, 13, 14, 16, 17, 20, 20/2, 23; Тауелсіздік к. 1, 2/1, 3, 4, 6, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 17, 27; Достық к. 29; Жеңіс бульвары 38а; Бауыржан Момышұлы к. 3, 5, 5/2; 44841 әскери бөлім, 06708 әскери бөлім.

(соңы 3 бет.)

#### СОСТАВ ПРИОЗЕРСКОЙ ГОРОДСКОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ

Центр – здание ГУ «Аппарат акима города Приозерск Карагандинской области»; ул.Пушкина, дом 7, тел/факс: 53288.

Председатель - Медетбекова Алма Амановна

Заместитель председателя - Махатов Жазылбек Косанбаевич

Секретарь - Жұмахан Шұғыла Талғатбекқызы

Члены комиссии: Курбанбаева Болар Декхановна, Идирахманов Канатбек Каттабекович,

Купяшаров Жуломан Киримович, Убисов Талғат Турмаханович.

#### СОСТАВ УЧАСТКОВОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ № 257

Центр - здание КГП «Центральная больница города Приозерск», улица Транспортная, 17 тел/факс: 53183, 70108.

Председатель – Рақыш Айдуман Қазбекұлы

Заместитель председателя – Кайыргалиев Кайрат Нурланович,

Секретарь – Лукманова Айгуль Назархановна

Члены комиссии: Сулейменов Нурлан Марсович, Жумаханова Асем Мейрамбековна, Гузарова Ульфия Худайбергенова, Әуесбаев Мадияр Серікұлы.

#### СОСТАВ УЧАСТКОВОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ № 258

Центр- здание КГУ «Средняя общеобразовательная школа №2», улица Достық, 20 тел/факс: 52715, 53079.

Председатель – Абжанова Динар Рамазановна

Заместитель председателя – Манаков Талант Даулетбекович

Секретарь – Жаналиева Динара Мусатаевна

Члены комиссии: Дюсенбаев Абиля Зейнелкапдулович, Айнабекова Рано Сапарходжаевна, Болжуров Улан Ақылбекович, Сайлау Абай Нұрланұлы, Букпантаева Каракат Игеновна, Дауленова Анар Жакыповна.

#### СОСТАВ УЧАСТКОВОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ №259

Центр – здание КГУ «Средняя общеобразовательная школа №1», улица Кисунько, 11 а, тел/факс: 53569, 54226.

Председатель – Стамкул Нуртай Абдрахимович

Заместитель председателя – Ибраймова Куралай Исабековна

Секретарь – Балтышева Жанагул Таткеновна

Члены комиссии: Каленов Сагатбек Умирзахович, Қалдыбаева Салтанат Галымжанқызы, Айдархан Балауса Талғатбекқызы, Сулейменов Марс Абуович.

#### СОСТАВ УЧАСТКОВОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ № 260

Центр- здание КГКП «Центр детско-юношеского творчества «Достық» г.Приозерск», улица Космонавтов, 2 тел/факс: 53069, 52515.

Председатель – Рахимбаева Алтынай Турабековна

Заместитель председателя – Орынбасаров Бердбек Орынбасарович

Секретарь – Манакова Гульмира Турсынбаевна

Члены комиссии: Артығалиева Лариса Мирановна, Мухсин Ринат Бекзатович, Майбасов Бейбит Аликулович, Кушмуратова Асель Нурланқызы.

#### ГРАНИЦЫ ИЗБИРАТЕЛЬНОГО УЧАСТКА № 257

Центр: Здание КГП «Центральная городская больница города Приозерск», улица Транспортная, 17.

Границы: ул.Бастау 1, 7, 11; ул.Сарыарқа 1, 11, 21; ул.Наурыз 1, 2, 2/2, 2а, 3, 4, 8, 9, 10, 12, 18; ул.Көкжиек 1, 2, 4, 6, 9, 11, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 27; ул.Алаш 4, 6, 12, 14, 18, 19а, 22, 23, 23/3, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 33, 34, 37, 39, 41, 43, 47, 49, 59; ул.Тұмар 1, 5, 7, 9, 11, 12, 14; ул.Қоржынтүбек 1, 1а, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 12, 13, 15, 16, 18, 22; ул.Ынтымак 1, 2, 4, 5, 10, 15, 17, 18, 20, 22, 24, 26, 29а; ул.Ақмамық 6, 8, 10, 11, 12, 13; ул.Шұғыла 17; ул.Көктениз 9, 12; ул.Керуен 109; ул.Бирлік 24, 26; ул.Транспортная 1, 1/3, 3, 4, 6, 8, 11, 12, 13, 14, 16, 17, 20, 20/2, 23; ул.Тауелсіздік 1, 2/1, 3, 4, 6, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 17, 27; ул.Достық 29; ул.Бауыржана Момышұлы 3, 5, 5/2; бульвар Жениса 38 а; в/ч 44841, в/ч 06708.

(окончание на стр.3)

(соңы. бая 2 бет.)

**№ 258  
САЙЛАУ УЧАСКЕСІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ**

Орталығы: «№ 2 жалпы білім беру орта мектебі» КММ ғимараты, Достық көшесі, 20

**Шекарасы:** Абай к. 2, 3, 4, 6, 7, 8, 9, 11, 14, 15/1, 17/3, 18/2, 23/3, 25/2; Ағыбай Батыр к. 3, 5, 17; Байтерек к. 1, 1а, 2, 4, 6, 8, 10, 43, 44, 52, 58, 59; Жәніс бульвары 9, 14, 28, 30, 34, 36; Достық к. 7, 11, 16, 16/2, 16/3, 18/2, 21, 24, 25, 26; Рақымжан Қошқарбаев к. 7/1, 7/2, 9; Пушкин к. 5, 6, 9/3, 10/1, 13; Бауыржан Момышұлы к. 12/1, 12/2, 14/1.

**№ 259  
САЙЛАУ УЧАСКЕСІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ**

Орталығы: «№ 1 жалпы білім беру орта мектебі» КММ ғимараты, Кисунько көшесі, 11 а

**Шекарасы:** Панфилов к. 2, 7/1, 9; Балхаш к. 7/2, 12/1; Гвардейская к. 2, 8/4, 10, 12; Дружба народов к. 13, 15, 17; Достық к. 1; Кисунько к. 1, 1а, 16, 13/1, 13/2, 13/3, 15/1, 15/2, 15/3; Дорохов к. – 4/2.

**№ 260  
САЙЛАУ УЧАСКЕСІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ**

Орталығы: «Приозерск қаласының «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КМҚК, Космонавтов көшесі, 2.

**Шекарасы:** Абай к. 3; Ағыбай батыр к. 2, 4, 6, 8; Дружба народов к. 2, 4/1, 4/2, 4/3; Космонавтов к. 1, 1/2, 3, 3/2, 5, 7/2, 9/1, 9/2; Кисунько к. 2/2, 4/1, 4/2; Балхаш к. 2, 2/2.

Приозерск қаласының аумақтық сайлау комиссиясы

(окончание. начало на стр.2)

**ГРАНИЦЫ ИЗБИРАТЕЛЬНОГО УЧАСТКА  
№ 258**

**Центр:** Здание КГУ «Средняя общеобразовательная школа №2», улица Достык, 20.  
**Границы:** ул.Абая 2, 4, 6, 7, 8, 9, 11, 14, 15/1, 17/3, 23/3, 25/2; ул.Ағыбай Батыра 3, 5, 17; ул.Байтерек 1, 2, 4, 6, 8, 10; бульвар Жениса 9, 14, 28, 30, 34, 36; ул.Достык 7, 11, 16, 16/2, 16/3, 18/2, 21, 24, 25, 26; ул.Рақымжана Қошқарбаева 7/1, 7/2, 9; ул.Пушкина 5, 6, 9/3, 13; ул.Бауыржана Момышұлы 12/1, 12/2, 14/1.

**ГРАНИЦЫ ИЗБИРАТЕЛЬНОГО УЧАСТКА  
№ 259**

**Центр:** Здание КГУ «Средняя общеобразовательная школа №1», улица Кисунько, 11 а.  
**Границы:** ул.Панфилова 2, 7/1, 9; ул.Балхашская 7/2, 12/1; ул.Гвардейская 2, 8/4, 10, 12; ул.Дружба народов 13, 15, 17; ул. Достык 1; ул.Кисунько 1, 1а, 16, 13/1, 13/2, 13/3, 15/1, 15/2, 15/3; ул.Дорохова 4/2.

**ГРАНИЦЫ ИЗБИРАТЕЛЬНОГО УЧАСТКА  
№ 260**

**Центр:** Здание КГКП «Центр детско-юношеского творчества «Достык» г.Приозерск», улица Космонавтов, 2.  
**Границы:** ул. Абая 3; ул. Ағыбай батыра 2, 4, 6, 8; ул.Дружба народов – 2, 4/1, 4/2, 4/3; ул. Космонавтов – 1, 1/2, 3, 3/2, 5, 7/2, 9/1, 9/2; ул.Кисунько – 2/2, 4/1, 4/2; ул.Балхашская – 2, 2/2;

Территориальная избирательная комиссия города Приозерск

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Приозерск гарнизонында 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні және 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күніне арналған салтанатты жиын болды. Биыл, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылғанына 30 жыл толса, батыр жауынгер аталарымыздың Ұлы Отан соғысын-дағы қол жеткізген Ұлы Жеңіс күніне 77 жыл толуына куә болудамыз. Салтанатты жиынға Приозерск гарнизонындағы орналасқан әскери бөлімдердің жеке құрамы қатысты.



Салтанатты жиынды Приозерск гарнизоны бастығының тәрбие және идеологиялық жұмыстары жөніндегі орынбасары подполковник Дәулет Жумабеков ашты. Мерекелік бас қосуда Приозерск гарнизонының бастығы, 06708 әскери бөлімінің командирі полковник Жасұлан Абеков «Тәуелсіз Қазақстанның айбынды армиясы!» тақырыбында баяндама жасады. Жеке құрамға арналған баяндамасында подполковник Жасұлан Садуұлы:

«1992 жылы 7 мамыр күні Тәуелсіз еліміздің төл армиясы құрылды. Бұл күн кейіннен еліміздің күнтізбесіне «Отан қорғаушылар күні», - деп мәңгілікке жазылды. Қарулы Күштеріміз озық үлгіде құрылып, аяғын нық басты. Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі болып, Кеңес Одағының Батыры, №1 Халық Қаһарманы, армия генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов тағайындалды.

Айбынды армиямыздың әскери қызметшілері Қазақстанның кең-байтақ жерін жанқиярлықпен қорғап қалған батыр аталарымыздың Ұлы Отан соғысындағы ерлігінен үлгі алып келеді. Қазіргі таңда

**ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАРДЫҢ  
ҚУАНЫШТЫ КҮНІ**

төл әскеріміз егеменді еліміздің берік қалқаны ретінде жауынгерлік шеберлік пен асқақ рухтың озық үлгісін көрсетіп келеді» - деп, өзінің жүрекжарды лебізін жеткізді.

Келесі кезекте мерекелік салтанатты жиынның қонағы, Қарағанды облысы Приозерск қаласының әкімі Сапар Сатаев құттықтау сөз сөйлеп, қала тұрғындары мен әскери бөлім арасындағы қаланың дамуына үлес қосқан бірқатар әскери қызметшілерді Құрмет грамотасы және Алғыс хатпен марапаттады. Қала әкімінің марапатына ие болғандардың қатарында:

60601 әскери бөлімінің командирі полковник Д.Қырықбаев, 44841 әскери бөлімі командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстары жөніндегі орынбасары подполковник Р.Қабышев, 60601 әскери бөлімінің әскери қызметшісі майор Е.Оспанов, 06708 әскери бөлімінің әскери қызметшісі аға лейтенант

Н.Бегалы, 06708 әскери бөлімінің әскери қызметшісі сержант Д.Қойлыбаев, 18405 әскери бөлімінің әскери қызметшісі кіші сержант Д.Тухтаев және 18405 әскери бөлімінің әскери қызметшісі қатардағы жауынгер К.Мырзалиев болды. Сонымен бірге, Приозерск гарнизонының бастығы подполковник Ж.Абеков жауынгерлік даярлық пен мемлекеттік-құқықтық дайындығының үздік әскери қызметшілерін марапаттап, Мақтау қағаздарын табыс етті. Алдымен, Приозерск гарнизонының бастығы подполковник Жасұлан Абеков көпшілік алдында Приозерск қаласының әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаевтың кеудесіне «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне 30 жыл!» мерейтойлық төсбелгісін салтанатты түрде тағып берді.

Салтанатты іс-шара барысында Приозерск гарнизонына қарасты әскери бөлім

командирлері бағынысындағы өздерінің әскери қызметтік міндеттерін абыроймен атқарып жүрген бірқатар офицерлік құрам мен келісімшарт бойынша әскери қызметшілеріне Алғыс жариялап, Мақтау қағаздарымен марапаттап, «Қазақстан Республикасы Қарулы Күш-теріне – 30 жыл!» мерей-ойлық төсбелгілерін табыс етті.

Отан қорғаушылардың қуанышты күні мерекелік Концерттік бағдарламаға ұласты. Концерттік бағдарламаның бет-пердесін, Приозерск қаласындағы «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығының домбырамен күй тартудың білікті маманы Айман Нұртаева жетекшілік ететін «Балбырауың» домбырашылар ансамблі ашып берсе, көркемдік жетекшісі Әсия



Умарованың жетекшілігімен «Вдохновение» би тобы сахна төрінде тамаша өнер өрнегін көрсетті. Сахнадағы мерекелік ән орындауда

60601 әскери бөлімінің әскери қызметшісі капитан Б.Куланкадыров, 44841 әскери бөлімінің әскери қызметшісі сержант С.Жалғасбаев, 18405 әскери бөлімінің әскери қызметшісі ефрейтор Б.Сайрманов, 06708 әскери бөлімінің әскери қызметшісі

**Қазақстан Республикасы  
Қарулы Күштеріне 30 жыл**

қатардағы жауынгер А.Кадиров, 44841 әскери бөлімінің әскери қызметшісі қатардағы жауынгер Г.Шералиева, 06708 әскери



бөлімінде қызмет ететін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің азаматтық персоналы Ә.Болатқанқызы және «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығының әншісі А.Курбанбаева асқан белсенділік танытты. Сонымен қатар Отан қорғаушылар күніне орай, көпшілік алдында ән салған «Приозерск қаласының №2 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі «Жас сарбаз» балалар мен жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысының сыныбында білім алып жүрген б«в» сынып оқушысы Ақнұр Алмаханбет пен 3 жасар талантты Айару Сейтқали көрермен көзайымына айналып, көпшілік қошеметіне бөленді.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Приозерск гарнизонындағы 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні және 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күніне арналған Концерттік бағдарламаның соңында сөз сөйлеген Приозерск гарнизонының бастығы подполковник Ж.Абеков жеке құрам атынан тамаша өнер көрсеткендердің барлығына шексіз алғысын білдіріп, сахна өнеріндегі белсенділік танытқан өнерпаздарды Мақтау қағазымен марапаттады.

**Думан Құрманғалиев,  
Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы**

**Заңнамадағы өзгеріс**

Қазіргі кезде елімізде мал ұрлығы өршіп тұрғаны анық. Мал ұрлығы сипатындағы қылмыстардың алдын алу мақсатында қылмыстық кодекске арнайы бап енгізілген болатын. Соған сәйкес мал ұрлығы қылмыстары бойынша «тұрғын үйге, қызметтік немесе өндірістік мекемеге, қоймаға, көлікке заңсыз кіру» жағдайы қылмыстың ауыр санатына

**МАЗАНЫ АЛҒАН МАЛ ҰРЛЫҒЫ**

ауыстырылды. Бұдан бөлек ендігі жерде мал ұрлағандар мен малынан айырылғандар бұрынғыша өзара ымыраға келе алмайды. Өйткені оған да тиым салынды. Ол үшін қылмыстық кодекстің 68-ші бабына түзету енгізілген. Нақтыласақ бүгінде мал ұрлығына қатысы бар кінәлі адамдарға 5 жылдан 7 жылға және

егер олар ұйымдасқан түрде қылмыстық топ болатын болса 10 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айырылу қарастырылған. Демек ендігі жерде мал ұрлығымен ұсталған кез келген қылмыскер үзілді-кесілді абақтыға қамалады.

Біреудің мүлкіне қол салып, қылмыс жасау абырой әкелмесі хақ. Өйткені заң

талабы жеңіл емес. Тиісінше қылмыс ашылар болса, қолыңмен істегенді мойыныңмен көтеруге тура келеді. «Ұрлық түбі – қорлық» - деген сөзді санамызға сіңіріп өскендіктен, мал ұрлығы - жақсылыққа жетелер жол емес екендігін түсінікті.

**А.Б. Асаубаева,  
Приозерск қалалық сотының бас маманы, сот отырысының хатшысы**

Ардагерлерге қамқорлық

Ұлы Жеңіс күні мересіне орай, "Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ 7 тұлғалық еңбеккеріне жалпы сомасы 210,0 мың теңге көлемінде материалдық көмек көрсетілді және басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қимылдарының 15 ардагеріне және оларға теңестірілген 15 ардагерге жалпы сомасы 2 250,0 мың теңге көлемінде әрқайсына, 150 000 теңге төленді.

Осы жарқын күні, қала әкімі, ұйымдар мен мекемелердің басшылары, ҚР ҚМ және РФ ҚМ әскери бөлімдері және қала депутаттары 7 тұлғалық еңбеккерін жалпы сомасы 1 473,0 мың теңгеге бағалы сыйлықтармен (газ плитасы, электр пеші, шапсорғыш) және басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қимылдарының 15 ардагерін атаулы мерекемен құттықтап, оларға жалпы сомасы 200,0 мың теңгеге мерекелік азық-түлік себеттері

ЖЕҢІС КҮНІНЕ ОРАЙ АТҚАРЫЛҒАН ІС-ШАРАЛАР



берілді.

Құрметті ардагерлер, Сіздер қорқынышты сынақтардан өттіңіздер, от пен өлімді жеңдіңіздер, адамзатты фашистік құлдық қаупінен сақтадыңыздар! Біз сол үшін де Сіздердің алдарыңызда қашанда қарыздармыз, Сіздерге осынау үлкен ерлік үшін тағзым етіп, бас иеміз!

Осы мереке күндері барлық дабылдар басылып, әрбір үйге жарқын көңіл-күй еніп, халқымыздың өшпес ерлігі еліміздің барлық патриот ұрпақтарының жүрегін жылытсын. Біз Сіздерге шын жүректен зор денсаулық, жарқын, ұзақ және тыныш өмір күндерін, жақын адамдарыңыздың жан жылуын тілейміз! Приозерск қаласының барлық тұрғындарына бейбітшілік, бақыт және амандық тілейміз!



Жеңіс күні құтты болсын!

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ

ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ



Біздің буын Мұхтар Әуезов есімін мектеп қабырғасында танып, шығармаларын жата-жастана оқыған ұрпақ болдық. «Көксерек» повестінен басталған қызығушылық, «Абай жылы» роман-эпопеясын бірнеше рет қайталап оқуға ұласты. Себебі Мұхтар жазған кез-келген шығарманы қалыс қалдыру мүмкін емес еді. Ол тұлғаның сөз құдіреті өз шыңырауына тарта түсетін. Әлем таныған Әуезов кітаптары біздің жан серігіміз болды деп сеніммен айта аламын. Мұхтар Омарханұлы Әуезов – Ұлы жазушы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, Қазақстан Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері.

Туған жері – бұрынғы Семей уезінің Шыңғыс болысы (қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданы). 1897-жылдың 28-қыркүйегінде дүниеге келген болашақ жазушының әкесі Омархан мен атасы Әуез сауатты кісілер болған. Мұхтар атасының қолында өскен. Атасы Әуез бен әжесі Дінасылдың тәрбиесінде болған бала Мұхтардың алғаш сауатын ашушы да атасы. Соның арқасында ол алты жасынан Абайдың өлеңдерін ауылдастарына жатқа оқып беретіндей дәрежеге жетеді. 1908-жылы хазірет медресесінде оқып, одан орыс мектебінің дайындық курсына ауысады. 1910-жылы бес кластық орыс училищесіне түседі. Осы жерде оқып жүріп «Дауыл» атты алғашқы шығармасын жазады. 1915-жылы Семей қалалық мұғалімдер семинариясына қабылданады. Оқып жүргенде Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жолсыз жаза» дастаны негізінде «Еңлік-Кебек» пьесасын жазып, оны 1917-жылы маусым айында Ойқұдық деген жерде тіркестіріп тіккен киіз үй сахнасына шығарады.

Ресейдегі саяси төңкерістер Әуезов өміріне үлкен өзгерістер әкеледі. Ол Семей-

де «Алаш жастары» одағын құрып, түрлі үйірмелердің ашылуына ұйытқы болады. Жүсіпбек Аймауытовпен бірігіп жазған «Қазақтың өзгеше мінездері» аталатын алғашқы мақаласы 1917-жылы 10-наурызда «Алаш» газетінде басылды. Аймауытовпен бірлесіп Семейде «Абай» ғылыми-көпшілік журналын шығаруға қатысады. 1919 жылы семинарияны бітіріп, қоғамдық-саяси жұмысқа араласады. 1919-жылы 4-желтоқсанда Семейде большевиктер билігі орнап, Әуезов Семей губревкомының жанынан ашылған қазақ бөлімінің менгерушісі және «Қазақ тілі» газетінің ресми шығарушысы болып тағайындалады. Ташкенттегі Орта Азия университетіне тыңдаушы болып оқып жүргенде «Шолпан» және «Сана» журналдарына жұмысқа орналасады. Осы басылымдарда «Қыр суреттері», «Қыр әңгімелері», «Үйлену», «Оқыған азамат», «Кім кінәлі», «Заман еркесі» әңгімелері жарияланады.

1918-жылы М.Әуез Семей қаласының өкілі ретінде Омбы қаласында өткен жалпы қазақ жастарының құрылтайына қатысып, оның орталық атқару комитетінің мүшесі болып сайланады. Құрылтайда «Алаш-орда» үкіметі мен Алаш қозғалысының бағытын ұстанған «Жас азамат» атты Бүкілқазақстандық жастар ұйымы құрылады. Ұйымның белсенді мүшесі бола жүріп, Ж.Аймауытовпен бірге «Абай» ғылыми-көпшілік журналын шығаруға атсалысады. 1919-жылы – Семей губревкомының жанынан ашылған қазақ бөлімінің қызметкері, 1920-жылдың ақпанынан бөлім менгерушісі. «Қазақ тілі» газетінің ресми шығарушысы болып тағайындалады. 1921-жылы Семей облревкомының төралқа мүшесі, атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарады. 1921-жылғы қараша айында Қазақ АКСР-і ОАК-нің төралқа мүшелігіне сайланып, онда саяси хатшы міндетін атқарып, кадр мәселесімен айналысады. Мұхтардың «Еңбекші қазақ» газетіне басшылық жасайтын тұсы да осы кезеңмен дәлме-дәл келеді. Училищені 1915-жылы аяқтап, Семей қалалық мұғалімдер семинариясына түседі.

Бір қыс Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінде, төрт жыл Ленинград университетінде оқып, филология факультетін бітіреді. Сол жылы Орта Азия университетінің Шығыс факультетінің жанындағы аспирантурада оқиды. Ұлттық теңсіздік пен сауатсыздықты, аштықты жою жөніндегі ашық пікірі мен шығармалары үшін «ұлтшыл, алашордашыл» атанып, саяси сахнадан шеттетуге басталған тұста Мұхтар бірыңғай шығармашылық жұмыспен айналысуға көшеді. Ғылыми жұмыстарды да қолға алады. Дегенмен, қазақ зиялыларын қудалауды бастаған кеңестік жүйенің құйтұрқы саясатынан Мұхтар да құтыла алмады. 1930-жылы идеялық

ӘУЕЗОВ

көзқарасы үшін тұтқынға алынады. Тергеу ұзаққа созылып, 1932-жылғы сәуір айында үш жылға шартты түрде бас бостандығынан айыру туралы үкім шығарылады. Осы жылғы 10-маусым күнгі «Социалистік Қазақстан» және «Казхастанская правда» газеттерінде М. Әуезовтің «Ашық хаты» жарияланады. Онда Мұхтар өзінің қазақ әдебиетінің тарихы және Абай туралы зерттеулерінен, «Қарағөз», «Еңлік-Кебек», «Хан Кене», «Қылы заман» сияқты шығармаларынан бас тартатынын мәлімдеуге мәжбүр болды. Сонан кейін ғана ол түрмеден босатылып, оқытушылық жұмыспен айналысуға рұқсат алды.

1924–1925-жылдары Семейдегі мұғалімдер техникумына оқытушылыққа қалдырылды. Сонда жүріп «Тан» журналын шығарады. Онда «Кінәшіл бойжеткен», «Қаралы сұлу», «Ескілік көлеңкесінде», «Жуандық» әңгімелері жарияланды. 1925-жылы Ленинградқа қайтып барып, оқуын жалғастырады. 1926-жылы жаз айында Семейге арнайы ғылыми экспедиция ұйымдастырып, оның материалдары негізінде жазылған «Әдебиет тарихы» монографиясы 1927-жылы кітап болып шығады. 1927-жылы жазда Жетісу өңіріне сапармен келіп, Ілияс Жансүгіровпен бірге болашақ шығармаларына материал жинайды. Ленинградқа қайтып оралысымен, осы материалдар негізінде «Қараш-Қараш оқиғасы» повесін, «Қылы заман» романын, «Хан Кене» пьесасын жазады. 1928-жылы Орта Азия мемлекеттік университетінің аспирантурасына қабылданды әрі Қазақ ағарту институтында сабақ берді. Алаш қозғалысының көсемдерімен бірге 1930-жылы 16-қыркүйекте тұтқындалып, 1932-жылы сәуір айында үш жылға шартты түрде бас бостандығынан айырылды. Дегенмен маусым айында түрмеден босатылып, Қазақ педагогика институтының аға оқытушысы болып қызмет істейді. Осы жылдары театр, драматургия, мәдениет пен өнер, әдебиет, фольклор тарихы, орыс әдебиетінің классиктері туралы мақалалары үзбей жарияланып тұрады. Әуезов сценарийі бойынша «Райхан» көркем фильмі түсіріледі. 1936-

Мұхтар Әуезовтің туғанына 125 жыл

жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысады. Осы жылдары «Абай» романын жазуға кірісіп, оны 1941-жылы бітіреді. «Абай» романының жарық көруі Қазақстанның мәдени өміріндегі ерекше оқиға болды. 1943-жылы «Абай» романын талқылау үлкен науқанға айналады. 1946-жылы романның екінші кітабын жазып бітіріп, ол 1947-жылы жарық көреді. 1950-жылы роман-эпопеяның «Ақын аға» аталатын үшінші кітабы жарық көреді. 1943-жылдың қыркүйегінен бастап Қазақтың мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасына профессор болып орналасып, өмірінің соңына дейін сонда дәріс оқыды. 2-дүниежүзілік соғыс жылдарында «Сын сағатта», «Намыс гвардиясы», «Қынаптан қылыш» пьесалары мен «Абай» операсының либреттосын, «Абай әндері» фильмінің сценарийін жазады.

Ол 1961-жылы 27-маусымда Мәскеу қаласындағы Кремль ауруханасында операция кезінде қайтыс болды. 1961-жылы қайтыс болғаннан кейін Республика Үкіметі қаулы қабылдап, ұлы жазушының есімін мәңгі есте қалдыру мақсатымен Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институты мен [Қазақтың мемлекеттік академиялық драма театры] Қазақтың мемлекеттік академиялық драма театрына Мұхтар Әуезовтың аты беріледі, әдеби мемориалдық мұражайы ашылып, бірқатар мектеп, көше және Алматының бір ауданы М.Әуезов атымен аталды.

Бүгінгі таңда заңғар жазушының 125 жылдық мерейтойын атап оту шаралары өзінің туған жері Семей өңірінен бастау алып, еліміздің барлық өңірлеріне ең жаюда. Осынау игілікті шарадан біздің Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі және білім бөлімі де тыс қалмай, әлемге әйгілі тұлғаның мерейтойын лайықты дәрежеде атап өтеді деген үміттеміз!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ, ҚР ЖО мүшесі, ақын.

НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

открыто после смерти **Кореновой Галины Гавриловны**, умершей 19 ноября 2021 года. Имеющим наследником обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б. по адресу: г.Приозерск, ул.Кисунько, д.1Б, тел. 8-775-1627005

\*\*\*

открыто после смерти **Толстобровой Татьяны Петровны**, умершей 16 сентября 2020 года. Имеющим наследником обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б. по адресу: г.Приозерск, ул.Кисунько, д.1Б, тел. 8-775-1627005

\*\*\*

открыто после смерти **Мишугина Виктора Федоровича**, умершего 21 апреля 2021 года. Имеющим наследником обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б. по адресу: г.Приозерск, ул.Кисунько, д.1Б, тел. 8-775-1627005

**Меншік иесі: "ЖК А.В. Струментов".**  
 "Приозерский вестник" газеті Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігінде 15.03.2004 ж. №4843-г тіркелген, 24.12.2018 ж. № 17414-Г МББ қайта тіркеу туралы куәлігі.  
**Редакцияның мекен-жайы:** 101100 Приозерск қаласы, Космонавттар көшесі, 5 үй, 106-107 оф.  
**Анықтама телефондары:** +7-705-981-86-79 (бас редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор). **E-mail:** prz\_westnik@mail.ru;  
**instagram:** https://shortlinks.plus/zmsid, **fb:** https://shortlinks.plus/qfbKi  
 Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, "Арко" ЖШС-де басылды. Тапсырыс № 19/767. Таралымы: 500 дана, көлемі-1 б.т., пішімі - А2, 4 бет.

**Бас редактор: Б.А.Кенжебеков.**  
**Техникалық редактор: А.В.Струментов.**  
**Жеке хабарландырулар мен жарнама беру үшін мына телефонға хабарласыңыз: +7-705-466-60-63**  
**Хат-хабар мына электрондық мекенжайға қабылданады: prz\_westnik@mail.ru**  
*Хаттар, қолжазбалар, фотосуреттер мен суреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Келтірілген фактілердің, статистикалық деректердің, тиісті атаулардың, географиялық атаулардың және басқа да деректердің дәлдігі үшін жарияланым авторлары жауапты болады. Редакция жарнаманың мазмұны үшін жауап бермейді. Авторлардың пікірі редакцияның пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін. Редакцияның келісімінсіз материалдарды қайта басуға тыйым салынады.*

Газет газет-журналдарды сататын орындарда (баспа киоскілері, дүкендер, базарлар), редакцияларда және Приозерск қаласындағы жеке таратушыларда таратылады. Сондай-ақ облыстың барлық қалалары мен аудандарында жазылу бойынша.  
**Жазылу индексі - 65041**